



Пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2013 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: қыркүйек, 2013 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 741337-DF1

Өнім ескертуі

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Бағдарламалық құрал шарттары

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, компьютерді сатқан орынның қаражатты қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты қайтарып алу үшін, қолданылмаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралы) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Қосымша ақпарат алу немесе компьютердің толық құнын қайтаруға байланысты сұраулар үшін жергілікті сату нүктесіне (сатушыға) хабарласыңыз.

Қауіпсіздік туралы ескерту хабары


⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.




Мазмұны

1 Компьютермен танысу	1
Оң жақ	1
Сол жақ	2
Дисплей	3
сенсорлы тақта	4
Түймешіктер	5
Астыңғы жағы	6
Жапсырмалар	7
2 Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану	8
Жылжу	8
Түрту	9
3 Әрекет пернелерін пайдалану	10
4 Қуат және батарея	12
Зауытта пломбаланған батарея	12
5 Қосымша HP ресурстары	13
6 Электростатикалық разряд	14
Индекс	15


1 Компьютермен танысу





Оң жақ




Бөлік	Сипаттама
(1) 	Қуат қосқышы Айнымалы ток адаптеріне қосылады.
(2)	Айнымалы ток адаптерінің шамы <ul style="list-style-type: none">• Ақ: айнымалы ток адаптері жалғанған.• Сары: батарея зарядталуда.• Ақ жарықпен жыпылықтаған: айнымалы ток адаптері қосылған және батарея зарядталуда.• Өшірулі: Батареяның қуатымен жұмыс істеуде.
(3)	Жад картасын оқу құрылғысы Ақпарат сақталатын, басқарылатын, ортақ пайдаланылатын немесе ашылатын қосымша жад карталарын оқиды. Картаны салу үшін Сандық картаны ұстағанда, жапсырмасын жоғары, ал қосқыштарын ұяшыққа қаратыңыз. Компьютер карта ұяшығына картаны салып, оны нық орналасқанша басыңыз. Картаны алып тастау үшін Картаны шыққанша басыңыз.
(4) 	USB 2.0 порты Пернетақта, тінтуір, сыртқы диск, принтер сияқты қосымша USB құрылғысы немесе USB хабі жалғанады.
(5) 	SIM картасының ұясы (тек таңдаулы үлгілерде) Сымсыз абонентті анықтау модуліне (SIM) қолдау көрсетіледі.


Сол жақ



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.
(2)  HDMI порты	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио құрылғысы сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
(3)  USB 3.0 порттары (2)	Пернетақта, тінтуір, сыртқы диск, принтер сияқты қосымша USB құрылғысы немесе USB хаби USB 3.0 портына жалғанады.
(4)  Аудио шығыс (гарнитура) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) комбо ұясы	Тoққа қосылатын қосымша стерео үндеткіштер, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитура немесе теледидар дыбыс кабелі қосылады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұя қосымша тек микрофон құрылғыларын қолдамайды. АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптарды, тығын тәріздес құлақаспапты немесе гарнитураны кимес бұрын дыбыс деңгейін реттеңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін, Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер нұсқаулығын қараңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, Қосымша HP ресурстары 13-бетте бөлімін қараңыз. ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұяға қосулы болғанда, компьютер үндеткіштері ажыратылады. ЕСКЕРІМ: Құрылғы кабелінің аудио шығыс (құлақаспап) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.
(5) Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none">• Ақ: компьютер қосулы.• Ақ жарықпен жыпылықтаған: компьютер ұйқы күйінде.• Өшірулі: компьютер өшірулі.

Дисплей


 **ЕСКЕРІМ:** WLAN антенналарының орналасқан жерлері модельге байланысты өзгеше болады. WLAN мүмкіндігімен бірге компьютерде WWAN мүмкіндігі болса, WLAN антенналары дисплейден төмен орналасады. (1) нөмірін төмендегі кестеде қараңыз.



Бөлік	Сипаттама
(1) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLANs) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды. ЕСКЕРІМ: WLAN байланысын орнатып, интернетке қосу үшін, кеңжолақты модем (DSL немесе кабель) (бөлек сатылады), жылдамдығы жоғары интернет және сымсыз роутер қажет (бөлек сатылады).
(2) Веб-камера шамы	Қосулы: веб-камера қолданылуда.
(3) HP TrueVision ажыратымдылығы жоғары веб-камерасы	Бейне ағыны мүмкіндігімен бейнелер жазуға және фотосуреттер түсіруге және бейне конференциясы мен желіде әңгімелесу сеанстарын ұйымдастыруға болады.
(4) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.
(5) Ішкі дисплей қосқышы	Дисплейді өшіреді және егер дисплей қуат қосулы кезде жабылған болса, ұйқы күйін қосады. ЕСКЕРІМ: Ішкі дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.
(6) WWAN антенналары (2)* (тек таңдаулы үлгілерде)	Сымсыз ғаламдық желілермен (WWAN) байланыс жасау мақсатында сымсыз сигналдарды жібереді және қабылдайды.

*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* бөлімін қараңыз.


сенсорлы тақта




Бөлік	Сипаттама
(1) Сенсорлы тақта аймағы	Меңзерді жылжыту немесе экрандағы элементтерді ашу үшін саусақпен орындалатын қимылды оқиды. Қосымша ақпаратты Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану 8-бетте бөлімінен қараңыз.

Түймешіктер



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қуат түймешігі	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.• Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.• Компьютер қосулы кезде және егер экранды құлыптау қажет болса, кіру экраны ашылғанша қуат түймешігін басып тұрыңыз. Егер қуат түймешігі экранды құлыптау режимінде басылған болса, компьютер өшіріледі.• Қосылған компьютерді өшіргізіңіз келсе, қуат түймешігін басып ұстап тұрыңыз.


Астыңғы жағы



Бөлік	Сипаттама
(1) Желдеткіштер (2)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе қосылып, біресе өшіп отыруы – қалыпты жағдай.
(2) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.


Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін:

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Осы бөлімде сипатталған барлық жапсырмалар компьютердің астында орналасатын болады.

Бұл орындарды табу кезінде көмек алу үшін, [Компьютермен танысу 1-бетте](#) бөлімін қараңыз.

- Қызметтік жапсырма – компьютеріңіздің түбіне жапсырылған жапсырма модульді анықтау үшін маңызды ақпаратты қамтиды. Қолдау қызметімен хабарласу кезінде, сериялық нөмір, өнім нөмірі немесе модель нөмірі сұралуы мүмкін. Қолдау қызметімен хабарласпас бұрын, бұл нөмірлерді табыңыз.



Бөлік

(1)	Өнім атауы
(2)	Сериялық нөмірі (с/н)
(3)	Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (p/n)
(4)	Кепілдік күшінің мерзімі
(5)	Үлгі сипаттамасы (тек таңдаулы үлгілерде)

- Техникалық деректер жапсырмасы(лары) — компьютер туралы техникалық ақпаратты береді.
- Сымсыз құралдардың куәландыру жапсырмасы(лары) – қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпарат және осы құрылғылардың қолданылуы мақұлданған кейбір елдер немесе аймақтардың мақұлдау таңбаларын қамтамасыз етеді.
- SIM (абонентті анықтау модулі) жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) SIM картасының ICCID кодын (Кірістірілген байланыс картасының кодын) береді.


2 Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану

Сенсорлы тақта саусақтар арқылы экрандағы меңзерді басқаруға мүмкіндік береді.

Жылжу

Жылжу қимылы — бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет.

- Екі саусақты сенсорлы тақта аймағында аздап алшақ орналастырып, оларды жоғары, төмен, солға немесе оңға сүйреңіз.



Түрту










Экранда элементті таңдау үшін сенсорлы тақтада түрту мүмкіндігін пайдаланыңыз.



- Экрандағы элементті таңдау немесе бағдарламаны ашу үшін, экранды бір рет түртіңіз.
- Бағдарлама мәзірлерін ашу үшін, экранды екі рет түртіңіз.





3 Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекеттер пернелері және пернетақта пернелерінің тіркесімдері туралы қосымша ақпаратты <https://chromebook.com/hp14> бөлімінен қараңыз.

Белгіше	Перне	Сипаттама
	esc	esc пернесі компьютер функцияларын белсендіру үшін басқа пернелермен тіркеседі.
	Кері	Шолғыш журналындағы алдыңғы бетке өтіңіз.
	Алға	Шолғыш журналындағы келесі бетке өтіңіз.
	Қайта жүктеу	Алдыңғы бетті қайта жүктеңіз.
	Толық экран	Бетті толық экран режимінде ашыңыз.
	Экранды ауыстырып көрсету	Келесі экранды ауыстырып көрсетіңіз.
	Жарықтық деңгейін төмендету	Бұл пернені басып тұрғанда экран жарықтығы қадам бойынша төмендетіледі.
	Жарықтық деңгейін жоғарылату	Бұл пернені басып тұрғанда, экран жарықтығы қадам бойынша жоғарылатылады.
	Дыбысты өшіру	Үндеткіш дыбыс деңгейін өшіреді.
	Дыбыс деңгейін азайту	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда үндеткіштің дыбыс деңгейін қадам бойынша төмендетеді.

Белгіше	Перне	Сипаттама
	Дыбыс деңгейін күшейту	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда үндеткіштің дыбыс деңгейін қадам бойынша күшейтеді.
	Қуат түймешігі	<ul style="list-style-type: none">• Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.• Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.• Компьютер қосулы кезде және егер экранды құлыптау қажет болса, кіру экраны ашылғанша қуат түймешігін басып тұрыңыз. Егер қуат түймешігі экранды құлыптау режимінде басылған болса, компьютер өшіріледі.• Қосылған компьютерді өшіргіңіз келсе, қуат түймешігін басып ұстап тұрыңыз.

Қалпына келтіру режимі пернелер тіркесімі

Жүйені қалпына келтіру режиміне қосу үшін, **esc** +  +  пернелер тіркесімін басыңыз.

Қалпына келтіру туралы қосымша ақпаратты алу үшін, <https://support.google.com/chromeos/> мекенжайы бойынша өтіп, қалпына келтіру ақпаратын іздеңіз.

4 Қуат және батарея


Зауытта пломбаланған батарея

Зауытта пломбаланған батареяны шығарып алмаңыз немесе ауыстырмаңыз. Батареяны алу немесе ауыстыру кепілдік күшіне әсер етуі мүмкін. Батареяның заряды тез бітетін болса, қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Батареяны пайдалану мерзімі аяқталғанда, оны жалпы үй қалдықтарымен бірге қоқысқа тастамаңыз. Батареяны қоқысқа тастау кезінде, жергілікті заңдарды және аймағыңызда қолданылатын ережелерді орындаңыз.

Батареяны зарядтау

1. Айнымалы ток адаптерін компьютерге жалғаңыз.
2. Батареяның зарядталып тұрғанын тексеру үшін, айнымалы ток адаптері шамын тексеріңіз. Бұл шам компьютердің оң жақ бүйірінде, қуат коннекторына жақын жерде орналасады.

Айнымалы ток адаптерінің шамы	Күй
	
Ақ	айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядтаулы.
Ақ жарықпен жыпылықтаған	айнымалы ток адаптері қосылған, батарея заряды төмен.
Сары	айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядталуда.
Өшіру	айнымалы ток адаптері қосылған немесе дұрыс жұмыс істемей тұр, компьютер батарея қуатымен жұмыс істеуде.

3. Батарея зарядталып тұрғанда, айнымалы ток адаптерінің шамы ақ жанғанша айнымалы ток адаптерін ажыратпаңыз.

Батарея зарядталмаса, қолдау қызметімен хабарласыңыз.

5 Қосымша HP ресурстары

Компьютерді іске қосып, осы нұсқаулықты табу үшін, *Параметрлерді орнату нұсқаулары* бөлімін пайдаландыңыз. Өнім туралы егжей-тегжейлі мәліметтер, әдістер, т.б. туралы ақпарат алу үшін осы кестені көріңіз.

Ресурс	Мазмұны
Параметрлерді орнату постері	<ul style="list-style-type: none">Компьютердің параметрлерін орнатуға және мүмкіндіктеріне жалпы шолу.
Анықтама және қолдау орталығы АҚШ-та қолдау қызметін пайдалану үшін, http://www.hp.com/go/contactHP веб-торабына өтіңіз. Дүние жүзі бойынша қолдауды алу үшін http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none">Әдістер туралы ақпарат және ақаулықтарды жою бойынша кең ауқымды кеңестер.
Дүние жүзі бойынша қолдау веб-беті Тіліңізде қолдауды алу үшін http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none">HP маманымен желіде сөйлесу.Электрондық пошта арқылы қолдау.Қолдау қызметінің телефон нөмірлерін табу.HP қызмет көрсету орталығының мекенжайларын табу.
<i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс нұсқаулығы</i> http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none">Жұмыс орнын реттеу.Ыңғайлылықты қамтамасыз ететін және жарақат алу қаупін азайтатын дене күйі мен жұмыс дағдыларының нұсқаулары.Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты.
<i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i> Бұл нұсқаулық қорапта жеткізіледі.	<ul style="list-style-type: none">Маңызды заңдық ескертпелер, соның ішінде батареяны дұрыс тастау жолы.
<i>Шектеулі кепілдік</i> Бұл нұсқаулық қорапта жеткізіледі немесе оны http://www.hp.com/go/orderdocuments мекенжайы бойынша қараңыз.	<ul style="list-style-type: none">Бұл компьютер туралы арнаулы кепілдік ақпараты.

6 Электростатикалық разряд

Электростатикалық ток соғу — екі зат қатынасқа түскен кезде статикалық электр тогының соғуы, мысалы, кілем үстінде тұрып есіктің темір тұтқасын ұстағаннан болатын ток соғу.

Саусақтар немесе басқа электростатикалық разряд өткізгіштерінен шығатын статикалық электр қуатының разряды электрондық бөліктерге зақым келтіруі мүмкін. Компьютерге, диск жетегіне зақым келтіру қаупін немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Егер жою немесе орнату нұсқауларында компьютерді қуат көзінен ажырату ұсынылса, жерге дұрыс қосылғаннан кейін және қақпақты алмас бұрын құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Бөліктерді орнатуға дайын болғанша, оларды электростатикалық разряд өтпейтін контейнерлерде сақтаңыз.
- Істікшелер, контактілер және қосылатын ұштарға тимеңіз. Электрондық бөліктерді қолмен мүмкіндігінше аз уақыт ұстаңыз.
- Магниттенбейтін құралдарды пайдаланыңыз.
- Құрамдас бөліктерін ұстамай тұрып, оның боялмаған метал бетіне саусағыңызды тигізу арқылы статикалық электр зарядын шығарыңыз.
- Бөлікті алған кезде оны электростатикалық заряд өтпейтін контейнерде сақтаңыз.

Егер сізге статикалық электр қуаты туралы немесе бөліктерді алу және орнату туралы қосымша ақпарат қажет болса, қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Индекс

А

Айнымалы ток адаптерінің шамы 12
Алға 10
аудио кіріс (микрофон) ұясы 2
аудио шығыс (құлақаспап) ұясы 2

Ә

әрекеттер пернелері 10, 11
пайдалану 10
функциялар 10

Б

батарея 12
батарея орны 7
бөліктер
астыңғы жағы 6
дисплей 3
оң жақ 1
сол жақ 2

В

веб-камера, анықтау 3
веб-камера шамы, анықтау 3

Д

Дыбыс деңгейін азайту 10
Дыбыс деңгейін күшейту 11
Дыбысты өшіру 10

Ж

Жад картасын оқу құрылғысы 1
Жад картасын оқу құрылғысы, анықтау 1
жапсырмалар 7
SIM 7
WLAN 7
қызмет 7

сымсыз куәлік 7
техникалық 7
Жарықтық деңгейін жоғарылату 10
Жарықтық деңгейін төмендету 10
желдеткіштер, анықтау 6

К

Келесі экран 10
Кері 10
компьютерді сапарға алып шығу 7

Қ

Қайта жүктеу 10
Қалпына келтіру режимі пернелер тіркесімі 11
қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 2
қуат шамдары, анықтау 1, 2
қызметтік жапсырма, компьютер 7

Ө

өнім аты және нөмірі, компьютер 7

П

порттар
HDMI 2
USB 2.0 1
USB 3.0 2

С

сенсорлы тақта аймағы, анықтау 4
Сенсорлы тақта қимылдары жылжу 8

сенсорлы тақтаның жылжу қимылы 8
сериялық нөмір 7
сымсыз антенналар, анықтау 3
сымсыз куәландыру белгісі 7

Т

техникалық деректер
сымсыз куәландыру белгілері 7
техникалық деректер жапсырмасы 7
Толық экран 10

Ұ

ұя
аудио кіріс (микрофон) 2
аудио шығыс (гарнитура) 2
ұялар
қауіпсіздік кабелі 2

Ү

үндеткіштер, анықтау 6

Ш

шамдар
веб-камера 3
қуат 1, 2

І

ішкі веб-камера шамы, анықтау 3
ішкі микрофон, анықтау 3

Э

электростатикалық разряд 14

Н

HDMI порты, анықтау 2

U

- USB 2.0 порттары, анықтау 1
- USB 3.0 порттары, анықтау 2

W

- WLAN антенналары, анықтау 3
- WLAN жапсырмасы 7
- WLAN құрылғысы 7
- WWAN антенналары, анықтау 3